



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Кино өндірісінің шектеулері мен
түрлері





Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Барлық өнер түрлерімен салыстырғанда кино өндірісі ең шектеулілердің бірі.
2. Киногерлер өндірістік шектеулер аясында таңдау жасап, кейде сол шектеулерге қарсы тұрып фильмнің формасы мен стилін қалыптастырады. Бұл – кино тарихында үнемі қайталанып отырған ерекшелік.
3. Соңғы жылдары Холливудтағы фильм өндірісінің әрбір кезеңі барынша мамандандырылған жұмыстарды қамтуда. Көбінесе бұл үдеріс инновациялық жағдайларға деген үлкен тәуелділіктеу туындайды. Дегенмен әлі де болса өндірістің негізгі кезеңдері мен еңбек бөлісі классикалық студио киноөндірісі кезеңіне ұқсас.
4. Эксплуатация фильмдері немесе екінші атымен атар болсақ Б категориясындағы фильмдер аз қаржымен түсірген фильмдерін, көптеп пайда табу үшін адамдардың сезімдерін, қоғамның жалпысының құндылықтарын қолдана отырып дайындайды.
5. Тәуелсіз фильмдер мен «өзің жасап ал» режимінде түсірілген фильмдер жұмысшыларын көбінесе екі есе көп еңбек етуге мәжбүрлейді.
6. Тәуелсіз кино ірі ауқымды киностудия өндірісінде кейде еленбейтін мәселелерді қозғайды.
7. Цифрлық камералар мен компьютерлік постпродакшнға қажетті қолжетімді бағдарлама жасалуының арқасында «өзің жасап ал» киноөндірісі күрт дами бастады. Жеке адамдар немесе шағын әуесқой топтар өздерінің фильмдерін жасап, оларды YouTube, Vimeo және басқа веб-сайттарға жүктеуіне жол ашылды.
8. Экспериментал және деректі фильмдер көбіне шағын бюджетті болып келеді.

Фильмдер:

1. Барбара Копплдың «Harlan County, U.S.A.» атты фильмі
2. Дэнни Бойлдың «Лашық-ауылдан шыққан миллионер» (Миллионер из трущоб; Slumdog Millionaire) фильмі
3. Майкл Маннның «Сыбайлас» (Соучастник; Collateral) атты фильмі.

Шектеулер мен бөгеттер және көркемдік шеберлік

Әрбір өнер адамы шектеулі уақыттың, қаражаттың және мүмкіндіктердің аясында жұмыс атқарады. Барлық өнер түрлерімен салыстырғанда кино өндірісі ең шектеулілерінің бірі. Бюджетке бағыну керек, мерзімінде бітуі тиіс, ауа-райы мен түсірілім орындары болжауға келмейді, ал адамдардың кез-келген тобын үйлестірудің күтпеген өзгерістерді алып келетін жәйттері тағы бар. Бір қарағанда шексіз еркіндікті ұсынатындай болып көрінетін Холливуд блокбастері, шын мәнінде көптеген деңгейде шектеулі. Бюджеттің көп болғаны да қиын. Кейде бюджеті жоғары фильмнің режиссері жүздеген қызметкерлерді үйлестіру мен құны миллиондаған долларды құрайтын шешімдерді қабылдаудан шаршап, әлдеқайда аз бюджетті продакшнға ұмтыла бастайды. Мысалы, Стивен Содерберг актерлік құрамы жұлдыздардан тұратын «Оушеннің 11 досы» атты ірі көлемді жобаны тастап, кәсіби емес актерлер тартылған «Көпіршік» деп аталатын шағын жобаларға ауысып кеткен болатынды.

Өндірістегі әрбір фильмнің неше түрлі шектеулер аясындағы бір мәміле екенін түсінгенімізде, фильмдерді бұрынғыдан да жақсы бағалай түсеміз. Марк және Майкл Полиш өздерінің «Айдахонның егіздері» атты тәуелсіз фильмдерінің түсірілімін іске асыруды ойластырғанда, оқиғаның бірнеше елде өтуін жоспарлаған болатынды. Алайда жол жүру және студиядан тыс жерде түсірілім жүргізу шығындары, оларды фильмнің сюжетін қайта ойластыруға мәжбүрледі: «Фильмнің егіздер не болмаса саяхат жайлы болуын шешуге тиіс болдық» дейді олар.

Кейбір кинорежиссерлер өздері тап болған шектеулерге қарсы тұрып, іске асыруға болатын дүниелердің шекарасын кеңейтті. Мысалы, режиссер Майкл Манн «Сыбайлас» атты фильмін түсіріп жатқанда, әр түрлі шектеулерге тап болды. Бірақ режиссер бұл шектеулерге қарсы тұрып, кино өнеріне жаңа әрі өте креатив әдіс-тәсіл алып келді.

Осы жерде Майкл Маннның «Сыбайлас» (Соучастник; Collateral) атты фильмінің фрагменттері ойнай бастайды. Лектордың даусы кадрдан тыс шығып тұрады.

2004 жылы шығарылған Майкл Маннның «Сыбайлас» фильмі Лос-Анджелесте бір түннің ішінде түсірілген визуалдық шешімдерімен таң қалдыратын психологиялық триллер. Винсент атты бейтаныс



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

адам такси жүргізушісі Максты бірнеше кездесулерге апару үшін жалдайды. Макс, Винсенттің жалдамалы кісі өлтіруші екенін білген соң арадағы келісімді бұзып, қашуға тырысады. Алайда, Винсент оны әрі қарай көлігімен тиісті жерлерге алып баруға мәжбүрлейді. Сол кеште бұл екі ер адам ауызекі дауласады және бір-бірін тықсыра қарсыласудың шарықтау шегіне дейін жетеді.

Фильмнің режиссері мен түсірілім тобы «Сыбайлас» фильмін жасаған кезде көптеген бөгеттер мен шектеулерге тап болды.

Мысалы Стюарт Биттидің «Сыбайлас» фильмі үшін жазған сценарийдің түпнұсқасында оқиға Нью-Йоркте өтуге тиіс болатын. Сценарий бойынша Макс өмірде жолы болмаған, таксиде жасырынып өмір сүретін сорлы адам ретінде суреттелген. Винсент ақыр соңында бәріне нүкте қойып, Макс қарсылық білдірмей тұрғанда оны біржақты етуге тиіс болатын. Манн басшылыққа режиссер ретінде келген соң сюжетке біршама өзгерістер енгізді. Алдымен түсірілім алаңы Лос-Анджелеске ауыстырылды. Ендігі жерде Макс сәтсіздікке азырақ ұшырайтын және әлемді көлік тізгінінде отырып-ақ бақылайтын, үнемі кейінге қалдырып жүрген лимузинмен қызмет көрсету бизнесін ашу туралы қиялын іске асыру үшін әрекет ететін еркін әрі ақылды адамға айналды. Осылайша тартымды бола түскен Макс, фильмнің көптеген жерінде біздің көру нүктемізге айналады. Мысалы, біз бірінші адамның қалай өлтірілгенін көрмесек те, Макстың таксиінің үстіне өлі дене құлап түскен жан түршігерлік жағдайға дейін кабина ішінде онымен бірге боламыз. Фильмнің негізгі сюжеті Макс пен Винсенттің қақтығысына негізделген, міне сол үшін Макстың мінезін өзгерту туралы Маннның шешімі екі кейіпкердің арасындағы текетіресті де өзгертті. Осыған ұқсас шешімдердің қабылдануы жалпы алғанда фильмнің баяндау формасын өзгертіп жіберді.

Түсірілім алаңын Лос-Анджелеске көшіру – фильмнің стиліне түбегейлі әсер етті. Маннның қызығушылық танытқан тұстарының бірі кездейсоқ тоғысқан тағдырларға байланысты оқиғаның толықтай түнде, яғни сағат 18:04–4:20 аралығында орын алуы еді. Ол тым биіктен қарағанда ірі тор секілді көрінетін қала көшелерінен түскен жарыққа және тұман мен бұлттар жамылғысына оранған Лос-Анджелес түнінің атмосферасын суреттегісі келді. Кинооператор Пол Кэмерон «біздің мақсатымыз Лос-Анджелес түнін Винсент пен Макс сияқты оқиға кейіпкерлердің өмірімен астастыра отырып көрсету болды» деп айтады.

Фильмнің сипатын жасаудағы басты шешім де осы еді. Манн асқан қажеттілік туындамаса жасанды жарықтандыруды пайдаланбау туралы шешім қабылдады. Ол белгілі бір дәрежеде түсірілім өтіп жатқан жерлердегі көше шамдары, неон маңдайшалары, көлік фаралары мен басқа да жарықтандыру көздеріне сүйене отырып, жұмысты жүргізе алатынына сенді. Түңеріңкі жарқылға қол жеткізу үшін оның командасы заманауи құрал-саймандар комбинациясын ойлап тапты.

Түсірілімді жүргізу мәселесіне қатысты қабылданған нақты таңдаулардың «Сыбайлас» фильмінің соңғы бейнесіне тигізетін әсері зор болып, көптеген басқа да шешімдердің ескерілуін талап етті. Мысалы, сол 2000-жылдардың басында Голливуд фильмдерін түсіргенде цифрлық кинокамера қоланысқа түсе қоймаған болатынды. Оның орнына киноүлдір орамдары жүктелетін камералар қолданылатын еді. Түнгі түсірілімдер кең көлемді жарық көзін қамтамасыз ететін арнайы споттар мен прожекторларды қолдану арқылы іске асатын. Егер жарықтандыру тым әлсіз болса, қараңғы аймақтар әдетте біртекті қара реңкке бөленетін.

Соны аңғарған Манн мен қоюшы операторлар «Сыбайлас» фильмінің бөліктерін жаңадан шыққан айқындылығы жоғары «HD» цифрлық камералармен түсіру туралы шешім қабылдады. Бұл камералар түсірілім алаңында жарық әлсіз немесе жарық мүлдем жоқ болса да фильмді түсіруге мүмкіншілік береді. Сонымен қатар, Лос-Анджелеске тән түнгі шам жарықтарының салтанатын да айнытпай түсіре алатын еді. Манн былай деді: «Түнде біз көзбен көре алатын заттарды киноүлдірге жазу мүмкін емес. Сол себепті, түнде қарапайым көзбен көре алатын заттың барлығын, сондай-ақ басқа да дүниелерді көрсету үшін айқындылығы жоғары цифрлық видео аппаратпен түсіруді таңдадым. Фильмнен белестер мен ағаштарды, бір түрлі жарығы бар қарайған ландшафты көресіз. Мен оның Винсент пен Макс жүріп өтетін кеңістік болғанын қаладым».

Кино оператор Дион Биби, «Форматтың мықты тұсы оның жарыққа қатысты керемет сезімталдығында. Біз түнде Лос-Анджелесті түсіріп, түнгі аспанның астынан пальма ағаштарының кескінін көре алдық. Бұл өте әсерлі болды» дейді. Әсіресе, қараңғыда түсірілетін кульминация кезіндегі көріністе, кейіпкерлер сондарынан түскен жарықтан қап-қара болып сұлбаланып көрінеді. Сонымен қатар фильмдегі бұл кейіпкерлердің сұлбаларын көруге тырысқан сәтте көрерменде белгісіздік сезімі де арта түседі

Цифрлық камерамен қараңғыда көп затты түсіруге болады әрине. Әйтсе де көрермендер актерлердің бет-жүзін де көруі тиіс. Іс-әрекеттің көп бөлігі такси ішінде Макс пен Винсент әңгімелесіп келе жатқанда өтеді. Міне осы кезде актерлердің жүзіне жарық түсуі қажет-ақ. Алайда кабина ішінде жасанды жарықтың



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

қолданылғаны бірден көзге ұрып, сезіліп қалады. Киногерлер мұндай орашолақ жұмысты қаламағандықтан әлсіз, әрі шашыраңқы жарықтандыру тәсілін жасауды қолға алды. Мұндай инновациялық әдіс, яғни электро-люминес-центті дисплей панельдерін қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл технология бұған дейін цифрлық сағаттарда, ұялы телефондарда қолданылғанымен ешқашан түсірілімдерде пайдаланылмаған еді. Дайындық қызу жүріп жатты. Әр түрлі өлшемдегі икемді пластик панельдер тапсырыс бойынша жасалды. Олардың барлығында орындықтар мен кабинаның төбесіне жабыстыруға болатын жабысқыш ілгектері болды. Әрі бұл дисплейлерді әр түрлі комбинацияда қосуға болады. Өте ыңғайлы. Сонымен қатар терезе арқылы өтетін және аспап панельдерінен шығатын жарықтың барлығын кейіпкерлерге түсетіндей етіп жасалды. Осылайша актерлердің бет-жүзіне бағытталған күңгірт жарық терезе арқылы түскен жарықтың айқындылығын арттырып, қаланы да «Макс пен Винсент сияқты хикая кейіпкеріне» айналдыруға септігін тигізді.

Осы жағдайға қатысты көркемдік шешім, жаңа технологияларды дүниеге әкелді. «Сыбайлас» фильмі шыққаннан кейін жоғарыда аталған жарықтандыру технологиясына ұқсас жарық шығаратын диодты «LED» шам, артқы габарит шамы мен электронды табло дисплейлеріне де орнатылатын болды. Арнайы жасалған LED блоктары фильм өндірісінің негізгі элементіне айналды. Манның командасы сюжетті сахналауға қатысты проблеманы осылай шешті. Басқа киногерлерге қолжетімді параметерлер жиынтығын жаңа таңдау түрлерімен де толықтырды.

Осы және басқа да шешімдер біздің «Сыбайлас» фильмінен алатын әсерімізге ықпал ете алады. Цифрлық бейне мен инновациялық жарықтандырудың арқасында кейіпкерлердің үрейлі, бейтаныс әлемдегі ілгерілеуін де сезінеміз. «Сыбайлас» фильмінің инновациялық визуалды стилі кейінгі режиссерлерге цифрлық құрал-жабдықтарды қолдану арқылы нені игеруге болатынын үйретті.

Мысалымызды қорытар болсақ «Сыбайлас» фильмі арқылы цифрлық камералар мен жарықтың аз мөлшерін қолдануға қатысты креатив шешімдер қабылдады. 2004 жылы басқа кинорежиссерлердің де осындай тәуекелге баруларына болар еді, алайда Манн бұл техникаларды қолданудың жаңа тәсілдерін басқалардан бұрын көрді. Нәтижеде, бұрын соңды қандай да бір фильмде көрілмеген визуал стиль пайда болды, артынша басқалар да бұған еліктей бастады.

Кино тарихы жылдар өткен сайын өткенге ұқсамайтай өзгеріске енуде. Алайда өзгермейтін бір ерекшелігі бар: Киногерлер өндірістік шектеулер аясында таңдау жасап, кейде сол шектеулерге қарсы тұрып фильмнің формасы мен стилін қалыптастырады. Бұл – кино тарихында үнемі қайталанып отырған ерекшелік.

Өндіріс режимдері

Өндірістің ауқымы мен түрі жүздеген адам қатысатын ірі студиялық киноөндірісінен бастап, кинорежиссердің жалғыз өзі жасап шығарар «өзің жасап ал» (do-it-yourself немесе DIY) фильміне дейін әр алуан болып келеді. Өндірістің әртүрлі режимдері дайын фильмді қалыптастырады. Кино өндірісі әр түрлі режимге ие. Бұлар: Ірі көлемді өндіріс; эксплуатация фильмдері, тәуелсіз өндіріс және «өзің жасап ал» режимдері мен шағын өндіріс режимі.

Ірі көлемді өндіріс

Сипаттағалайын деп отырған дамыған еңбек бөлісі - студиялық кино өндірісіне тән ерекшелік. Студия – фильм шығару ісімен айналысатын компания. «Paramount», «Warner Bros», «Columbia» сынды танымал студиялар 1920 және 1960 жылдар аралығында Голливудта пайда болып, дамыды. Бұл компаниялар құрал-жабдықтар мен ауқымды материалдық нысандарға ие болды және жұмысшыларының көбіне ұзақ мерзімді келісім-шарт негізінде жұмыс берді. Әр студияның орталық басшылығы барлық жобаларды жоспарлап, содан кейін жоба кураторларына яғни бас продюсерлерге өкілеттіктер берді. Олар, өз кезегінде студия жұмысшылары арасынан командалар мен түсірілім тобын жинақтады.

Тиімді кәсіпорындар ретінде құрылған студиялар бүкіл үдерісті қағаз жазбалардың көмегімен мұқият қадағалау дәстүрін қалыптастыра алды. Ол бойынша әуелі, сценарийдің нұсқалары жазылатын. Содан соң түсірілім барысында камераға түсірілген видеоматериалдар, дыбыс, арнайы эффектілер жасау жұмыстары және зертханалық нәтижелер туралы есептер жазылатын. Құрастыру кезеңінде монтаждау үшін каталогқа енгізілген кадрлардың журналдары, сонымен қатар музыкамен сүйемелдеу, миксаж жасау, дыбыстау және тақырып макеттеріне арналған әртүрлі бақылау парақтары толтырылатын. Іс қағаздарын жүргізудің бұл түрі қазіргі кезде негізінен компьютердің көмегімен атқарылып жатса да ірі көлемді кино өндірісінің бір



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

бөлігі болуды жалғастыруда.

Студиядағы өндіріс, зауыттағы құрастыру цехына ұқсас болып көрінсе де, көлік немесе микрочип шығарумен салыстырғанда әлдеқайда шығармашыл, ынтымақты һәм абыр-сабырлы болып келеді. Әрбір фильм – бір прототиптің көшірмесі емес, бірегей өнім. Білікті мамандар студиялық кино өндірісінде жоғарыда аталған сипатқа ие өнім шығару мақсатында басшылық тарапынан құрастырған «жұмыс жоспарын» ұстана отырып, біріге жұмыс жасайды. Қазіргі таңда осындай орталықтандырылған өндіріс жүйесі іс жүзінде жойылған.

Холливудтың алтын ғасырының алып студиялары қазіргі таңда дистрибьюторлық компанияларға айналды. Дегенмен олар кейбір таралымға шығарған фильмдерін өндіріп, қаржыландырып және бақылау қызметтерін атқара алады. Ескі студиялардың келісімшартқа ие жұлдыз актерлері мен жұмысшылары бар еді және бұлар бірнеше фильмде бірге жұмыс істей алатын. Ал қазіргі таңда әрбір фильм жеке жоба ретінде жоспарланады. Бұл дегеніміз режиссер, актерлер, жұмыс топтары мен техникалық мамандар тек бір жобаның аясында бастарын қосады. Студия фильмнің түсірілуі үшін өзінің дыбыс жазу павильондары, декорациялары мен кеңселерін ұсынуы мүмкін. Дегенмен продюссер көп жағдайда камералар мен азық-түлікті жеткізіп, түсірілім орындарын қамтамасыз ететін әрі арнайы эффектілерді жасаумен, сонымен қатар керек-жарақтың барлығын жеткізумен айналысатын сырт фирмалармен келісім жасасады.

Соңғы жылдары фильм өндірісінің әрбір кезеңі барынша мамандандырылған жұмыстарды қамтуда. Көбінесе бұл үрдіс бюджеттің ұлғаюы мен арнайы цифрлық эффектілерге деген үлкен тәуелділіктің туғандығынан орын алуда. Дегенмен әлі де болса өндірістің негізгі кезеңдері мен еңбек бөлісі классикалық студио киноөндірісі кезеңіне ұқсас болып қалуда.

Эксплуатация фильмдері

Ірі көлемді өндірісте жұмыс істеу режимі студияларға тәуелділігін жалғастыруда. Ал шағын көлемді өндірісте жағдай қалай? Бұл өндіріс режимінің бірнеше түрі бар. Солардың бірі «эксплуатация фильмдері» деп аталады.

Эксплуатация фильмдері, өз кезеңіндегі ағымдағы трендтерді, ақша әкелетін жанрларды немесе қимыл-қозғалысы жанды контенттерді пайдалана отырып, қаржылай пайда табуға тырысатын фильмдерге берілген ат. Жалпы эксплуатация сөзі – пайдалану, қолдану сынды ұғымдарға ие болса да, өнер мен мәдениет саласында көбінесе жағымсыз мағынаға ие. Яғни бұл жерде «эксплуатация фильмдері» деген ұғым адамдардың сезімдерін, қоғамның жалпысының ұнататын нәрселерін пайдалану арқылы ақша табуды алдына мақсат еткен киногерлердің фильмдеріне берілген ат. Бұл дегеніміз көбінесе үрей, секс және комедия жанрларын көрсететін шағын көлемді бюджетке ие фильм деген мағынаны береді. Холливудта «эксплуатация фильмдерінің» «В категориясындағы фильмдер» деп аталатын тағы бір аты бар. Енді осы бір ұғымты түсіндіріп өтейін.

Жалпы Холливуд кино өндірісінде өндірілетін фильмдер екі категорияға бөлінеді. А категориясы және Б категориясы. А категориясындағы фильмдер ірі бюджеттік фильмдер болып табылады. Сондықтан да бұл категориядағы фильмдерде жұлдыз актерлер мен актрисалар орын алып, кассалық табысы кепілденеді. Өте көп күш жұмсалып түсірілетін А категориясындағы фильмдердің көбі көркемдік тұрғыдан да жоғары құндылыққа ие өнер туындылары болып есептеледі.

Ал Б категориясындағы фильмдер болса фильм түсіру үшін бөлінген қаражат, актерлері, көркемдік және еңбек тұрғысынан А категориясындағы фильмдерден кейін тұратын ұзын метражды фильмдер. Бұл категориядағы фильмдер коммерциялық тұрғыдан рисктерді азайту және А категориясындағы фильмдер көрсетілетін салондардағы бос уақыттарды толтыру үшін өндірілетін шағын бюджетті өнімдер болып табылады. Сонымен қатар Б категориясындағы фильмдер немесе біз оқып отырған кітаптың авторларының терминімен айтар болсақ «эксплуатация фильмдері» арнайы нарыққа бағытталған, мысалы қаланың шетінде немесе қалашықтарда орналасқан кинотеатрларда немесе автокинотеатрларда көрсетілетін; сонымен қатар видео прокат пен сатылым орындарында орын алатын аз бюджетті өнімдер. Мәселен «Токсик кек алушы» фильмін шығарған «Troma Films», құны 100 000 долларға немесе одан да аз бюджетке үрей фильмдер мен жастарға арналған секс комедиялары өндіретін ең табысты компания. Дегенмен де эксплуатация фильмдерінің режиссерлері әдетте еңбекті студия тәсіліне сай бөледі. Бұл жерде продюсердің өзіндік рөлі, режиссердің өзіндік рөлі бар және өзге де өндіріс міндеттері жаппай өндірістік тәжірибеге сай бөліске түседі.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Тәуелсіз өндіріс және «Өзің жасап ал» (DIY) режимі

Шағын бюджетті фильмдер көбінесе жұмысшыларын екі есе көп еңбек етуге қинайды. Мұның басты себебі – әрине аз ақшаға көп іс тындыруға мәжбүр қылатын қаршылық жағдай. Роберт Родригес испан тілді видео нарығына арнап «Эль Мариарчи» фильмін «өзің жасап ал» режимінде түсірген болатынды. 21 жасар режиссер өз міндетінен бөлек фильмнің продюсері, сценаристі, кинооператоры, камера операторы, тіпті фотографы, дыбыс операторы және дыбыс әрлеушісі болды. Родригестің досы Карлос Галлардо басты рөлді сомдап, фильмге бірлесе продюсерлік жасап, сценарийін жазды; сондай-ақ продакшн менеджері және жарық қоюшы қызметтерін де атқарды. Ал Галлардоның анасы актерлер мен түсірілім тобын тамақтандырды. «Эль Мариарчи» фильмін шығаруға небәрі 7 000 доллар жұмсалды. Байқап отырғандарыңыздай 1 фильм 3-4 адамның күшімен атқарылууда. Мұндай фильмдерді «өзің жасап ал» режиміндегі фильмдер деп атаймыз.

Цифрлық камералар мен компьютерлік постпродакшнға қажетті қолжетімді бағдарлама жасалуының арқасында «өзің жасап ал» киноөндірісі күрт дами бастады. Жеке адамдар немесе шағын әуесқой топтар өздерінің фильмдерін жасап, оларды YouTube, Vimeo және басқа веб-сайттарға жүктеуіне жол ашылды.

«Өзің жасап ал» режимінде түсірілген фильмдердің көбі «Эль Мариарчи» сияқты кино нарығына ене алмайды, дегенмен шығарылуына аз қаражат жұмсалған өнімдер тәуелсіз фильм деген атпен белгілі. Тәуелсіз фильмдер әдетте кино нарығы үшін шығарылады, алайда олар басты дистрибьюторлар тарапынан қаржыландырылмайды. Бүгінде өз жұмыстарына индустрия нормасынан әлдеқайда аз қаражат жұмсап, іске асыруды жөн көретін Спайк Ли, Дэвид Кроненберг, Джоэл және Итан Коэндер сияқты танымал тәуелсіз режиссерлер де бар. Жұмысын мұндай жолмен жасағысы келген режиссер әдетте жобаның бастамашысы болғандықтан, оны іске асыру үшін продюссермен ымыраға келеді. Егер жобаның келешегі жақсы болып көрінсе Американың ірі дистрибьюторлары барлық құқықтарды сатып алып, фильмнің телевизиялық компаниялар немесе жеке инвесторлардың тарапынан қаржылануы да мүмкін.

Байқауымызша, өндірістің тәуелсіз өкілдері продакшн үрдісін толыққанды киностудияда жолға қойылған тәртіпке барынша ұқсас етіп ұйымдастырады. Алайда, аталған жобаларды іске асыруға жұмсалатын қаржының аз болуына байланысты режиссерлерге түсірілім үдерісін барынша бақылауда ұстауға тура келеді. Дэнни Бойл салыстырмалы түрде қарағанда 15 000 000 долларлық аз қаражат жұмсалған фильмі – «Лашықтан шыққан миллионер» фильмінің түсірілімін іске асырғанда кейбір эпизодтарды 35 миллиметрлік үлдір салынатын камераға, ал фильмнің қалған бөліктерін Мумбайдың халық көп шоғырланатын көшелерінде басқару оңай болуы үшін 2К форматындағы шағын цифрлық камераға түсіруді таңдады.

Миллионер из трущоб фильмінің кейбір сахналары көрсетіледі. (30 сек)

Тәуелсіз кино санатының ауқымы кең болғандықтан оған аса танымал емес киногерлердің жобалары да кіреді. Сонымен қатар киностудиялық жобалармен салыстырғанда құны әлдеқайда арзан болғанына қарамастан, тәуелсіз кино өндірісі көптеген кедергілерге тап болуы мүмкін. Киногерлерге жобаны өз қалтасынан, туыстары мен тілектес инвесторлардың көмегін қолдана отырып қаржыландыруға, сондай-ақ бюджеті аз тәуелсіз фильмдердің таралымын ұйымдастыруға маманданған дистрибьютор табуға тура келеді. Тәуелсіз киногерлер үшін фестивальдер мен байланыс желілерінің маңызы зор.

Сонымен қатар тәуелсіз кино ірі ауқымды киностудия өндірісінде кейде еленбейтін мәселелерді қозғайды. Өйткені тәуелсіз фильмге өз шығындарын өтеу үшін үлкен аудитория қажет емес болғандықтан, ол жеке және даулы мәселелерге тоқталуы мүмкін. Сондай-ақ бюджеттің қаншалықты төмен деңгейде болғанына қарамастан өндіріс үрдісі әлі де киностудияда қалыптасқан дәстүрге сай кезеңдер мен негізгі қызмет түрлеріне сүйенеді.

Экспериментал және деректі фильмдерді жасау режимі

Шағын бюджетті фильмдердің қатарына экспериментал және деректі фильмдер де кіреді. Бұл түрдегі фильмдер көбінесе бір ғана адам тарапынан жасалады. Мысаы режиссер Стэн Брэкиджтің жеке өмірге қатысты түсірген фильмдеріне тоқталып өтейік. Мәселен ол түсірген «Баланың шарана суынан шығуы» атты 12 минуттық фильмі, оның жеке үйі мен отбасына қатысты лирикалық зерттеу болып табылады. Оның «Dog Star Man» фильмі сияқты еңбектері табиғатқа мифті түрде қамқорлық жасауға арналса, «23-забур тармағы» соғыс пен өлімнің квази-деректі зерттеулері іспеттес. Брекидж фильмдерін гранттар



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісінің шектеулері мен түрлері
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

мен жеке қаражат есебінен қаржыландыра отырып, басқа адамдардың көмегінсіз дайындап, түсірді, әрі монтажын да өзі жасады. Кинозертханада жұмыс істеп жүрген кезінде, ол өзінің түсірілім материалдарын дайындап, басып шығарған болатын. Қоржынында 150-ден астам фильм бар Брекидж осылайша барлық негізгі өндірістік міндеттерді атқарған мықты шебер кинорежиссер екенін дәлелдеді.

16-миллиметрлік камера немесе одан да арзан цифрлық видео форматтарының осындай шағын өндірісте қолданылуы қалыпты жағдай болып табылады. Қаржылық қолдау көбіне киногерлер, гранттар, қамқор достар мен туысқандар тарапынан келуі мүмкін. Мұнда еңбек бөлінісі өте аз: Режиссер әрбір өндірістік міндетті бақылап, олардың көпшілігін өзі орындайды. Техникалық мамандар яки орындаушылар көмектесе алғанымен, шығармашылық шешімдерді қабылдау режиссердің еншісінде қалады.

Осындай шағын өндіріс деректі фильм түсірілімінде де кеңінен тараған. Францияның атақты деректі кино режиссері Жан Руш сонымен қатар бір антрополог ретінде бөтен мәдениеттерде өмір сүретін адамдардың өмірін көрсетуге тырысып, ара-тұра түсірілім тобын пайдаланғаны болмаса, бірнеше фильмді жалғыз өзі дерлік түсіріп шыққан болатынды. Руш алғашқы кең танылған «Ақымақ қожайындар, 1955» атты фильмінің сценарийін жазып, режиссурасын жасап, түсірілімін де өзі жүзеге асырды.

Төмендегі параграф кадрдан тыс айтылады. Кадрда Барбара Копплдың «Harlan County, U.S.A.» атты фильмінің мына сахнасы көрсетіледі: 1:15–1:17

Осы сияқты, Барбара Коппл Кентукки кеншілерінің кәсіподақ өкілеттігі үшін күресін көрсету «Харлан округі, АҚШ» (Harlan County, U.S.A.) фильмін түсіруге төрт жылын арнады. Бірнеше қордан қаржыландыру алған Барбара шағын түсірілім тобымен кеншілердің ереуілдері кезінде олармен 13 ай бірге өмір сүрді. Фильмді түсіру барысында Коппл оператор Харт Перридің жанында жүріп, дыбыс операторы қызметтерімен қатар кейде жарық қоюшы маманның да міндеттерін атқарды. Копплдың үлкен түсірілім тобын тартуды қажет етпегендігі, бюджетке ғана байланысты емес еді. Кәсіподаққа біте қайнасып, жұмысшылармен қоянқолтық араласып жүріп түсіру үшін жалғыз өзінің болғанын қалады. Киногерлерге де кеншілер сияқты ереуілге қатысқаны үшін айыптап, зорлық-зомбылық көрсететіндерін айтып қорқытушылар болды. Соған қарамастан Коппл мен шағын командасы жұмыстарын жалғастырды.

Сирек жағдайларда ғана шағын продакшн ұжымдық өндіріске айналады. Осындай жобаны іске асырған кезде кинорежиссермен бірге барлық жұмысты бірнеше кино қызметкері бірдей деңгейде атқаруға тура келеді. Алдыға қойылған жалпы мақсаттар топ мүшелері арасында үйлестіріліп, өндірістік шешімдер демократиялық жолмен қабылданады. Ол кезде атқарылатын қызмет түрлері де өзгеріске ұшырап, алма-кезек атқарыла береді. Дыбыс операторы міндетін атқарып отырған адамға келесі күні кинооператордың жұмысы жүктелуі әбден мүмкін.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.